

## ОРАЛМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЖӘНЕ БЕИМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (АКМОЛА ОБЛЫСЫ “НҮРЛЫ КӨШ” АУЫЛЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ НЕГІЗІНДЕ АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДАР)

*Баймагамбетова А.Ж., Михнова С.А.*

### Аннотация

Мақалада Қазақстанның респондентінің өсуі туралы, жыныстық құрамы, білім деңгейі, өмір сүру мерзімі туралы жалпы әлеуметтік сипаттауы берілген. Зерттеудің маңызды бөлімін респонденттердің тарихи отанына оралуға ынталандырған себептерін құрайды. Әлеуметтік зерттеу кезінде діл бейімделу деңгейінің мінезіне және жаңа әлеуметтік шынайлық интеграциясына ықпал ететін көптеген оралмандардың шешілмеген әлеуметтік-экономикалық және мәдени-психологиялық мәселелері анықталған.

**Түйінді сөздер:**оралмандар, оралман, қоныс-аудару, әлеуметтік және психологиялық бейімделу, тарихи отан,социологиялық зерттеу .

**Кіріспе** Қазақтардың репортация мәселесі тарихи Қазақстанның тәуелсіздік алуынан-ақ басталды. Теріс миграциялық сальдоны өту қажет болды, бұл халық санының күрт төмендеуіне және мемлекеттегі әлеуметтік-демократиялық жағдайдың өзгеруіне әкеп соқтырды. Жаңа саяси элита ХХ ғасырдағы әлеуметтік катаклизм нәтижесінде қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтарға тарихи әділеттілікті орнатуды және мемлекет санатындағы қазақтар санын арттыруды мақсат етті. Этникалық қазақтарды шетелден тарихи отанына қайтару ісі елдегі қазақ тілінің, мәдениетінің үлесін арттыру және елдің әлеуметтік-мәдени әлпетін өзгерту үшін жүргізілді. Ресми қағаздарда бұл жөнінде: «Оралмандарды тарихи

отанына қайтару және интеграциялық көмек көрсету мемлекетіміздің халықтық бірлігін сақтау, тарихи әділеттілікті орнату және мәдениетімізді сақтау үшін қажет» деп мәлімдейді (Қазақстан Республикасының азаматтық құқық баяндамасынан «Қазақстан Республикасындағы босқындардың және оралмандардың құқығы») 2008 жыл)

Оралмандарды тарихи отанына қайтару жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті 1992 жылы қазақтардың Бүкіләлемдік құрылтайында алғаш рет сөз қозғады.

Репатриант-қазақтардың бірінші тобы Ираннан 1991 жылдың желтоқсан айында келді. Содан бері әр түрлі санат бойынша оралмандар

саны жуықтап 700-750 мың адамға дейін барады деп саналады. Бұнымен қоса ресми емес бағдарламамен қоныс аударушылар санын де ескерген жөн. Бұл мәлімет Президентімізге 2009 жылдың күзінде көш аударушылардың саны миллионға жеткенін жариялауға мүмкіндік берді.

Қазақтарды отанына қайтару қосымша бағдарламалар мен заңдарға сүйене жүргізілді. Осыдан 1992 жылы «Имиграция» жөніндегі, 1997 жылы «Халық миграциясы», 1998 жылы «Этникалық қазақтарды тарихи отанына қайыру тұжырымдамасы» жөніндегі заң және 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы шығарылды.

Бұл бағдарламаның іске асқанын Көкшетау маңындағы Красный Яр кентіндегі екі пәтерлік 138 үйдің құрылу жұмыстары дәлелдейді. Алғашқы қоныс аударушылар 2009 жылы тарихи отанына оралады. Бұндай шағын аудандар Қазақстанның өзге де облыстарында салынды, бұлар Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысындағы Курчатов қаласында, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қазақстанда Көкшетау маңындағы шағын ауданды құру барысында алғаш рет Ресейдің құрылыс материалдарын қайта қолданды. Бұл құрылысты тез әрі сапалы жүргізуді қамтамасыз етті. Репатрианттарға тұрғын үйлер 6 жылға, айына 4 мың тенгеге дейін несие ретінде берілді. Бұл уақытта үй иелері Жинақ банкінде қажетті

50% -ын 9 жылға, жылына 4% берекелі несиеге алады. Дайын 150 үй. Үйді 21 мың долларға алу бүгінгі таңда үлкен сәттілік. Оралмандардың «Нұрлы көш» шағын аудандарындағы тұрғын үйлерде 5 жылдан астам уақыт тұруы МОН жобасымен зерттеу өткізуге мүмкіндік берді.

**Ғылыми-зерттеу әдістемесі**  
Сұрауға 100-ден астам респонденттер қатысты. Респонденттердің айқындамасы тікелей олардың әлеуметтік санатына байланысты болды. Респонденттердің ортақ әлеуметтік мінездемесі келесі бейнемен ұсынылған:

- респонденттердің жасарлық тобында орташа топты (30-40жас)- 44,1% және орташадан жоғары топты (40-50жас) озық деп қарастыруға болады, басқаша айтқанда белгілі бір әлеуметтік және экономикалық тұста тәжірибесі бар адамдар. Бұл жағдай топтардың әлеуметтік формаларына және бейімделулерінің дәрежесіне жаңа әлеуметтік-мәдени және саяси-экономикалық шындығында қарама-қарсы әсер етеді: бір жағынан , топтардың маргиналдану дәрежесін көтереді; екінші жағынан, жаңа әлеуметтік шындыққа үлкен дем береді. Үлкен дәрежелі бейімделумен респонденттердің жас жасарлық тобы сипатталады (20-30 жас)- 22,5%. Бұл топ әлеуметтік-экономикалық қозғалысқа және интеграцияға көзделген негізгі әлеуметтік шындықтар аспектілерін белсенді және тез қабылдайды;

- респонденттер жыныстық құрам бойынша тең дәрежеде

көрсетілген: 51,0% - әйелдер және 49,0% - еркектер;


- Білім беру дәрежесіне қарай респонденттерді орта (39,4%) және арнайы орта (38,7%) білім беру дәрежесіне бөлуге болады. Сөзге келе, олар белгілі бір білім беру әлуеті бар, бірақ қатал әлеуметтік-экономикалық және еңбектік қарым-қатынастар жағдайында бәсекелестікке мұршасы жоқ топтар. Оларға жоғарғы оқу орындарын бітіргендер және бітірмегендер (21,9%) кішігірім респонденттердің тобы жатады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің анализдан өткізу үшін, респонденттердің Қазақстанда қанша мерзім тұрғанын білу қажет. Алынған мәліметтер бойынша, оралмандардың тарихи отандарына

қайтып келуі шамамен 3-10 жылға шейін, соның ішінде 3 жылға дейін Қазақстанға оралғандардың пайызы (43,1%). Бұл топқа Қазақстанда 5 жылдан 10 жылға дейін тұрып жатқан респонденттер санын жатқызуға болады (39,2%). Айтылған топтар Қазақ қоғамында алғашқы болып бейімделгендіктен, позитивті және негативті әлеуметтік факторларды сезінді. Бұл әлеуметтену кезеңді, 10 жыл бұрын тарихи отанына оралған респонденттер толықтай бейімделіп өтті (17,6%).

**Зерттеу нәтижелері**  
Оралмандардың мемлекеттік мүліктерінің анықтай келе, тарихи отанына қайтып келген этникалық қазақтардың үш миграциондық топтарын бөлуге болады.

Сурет №1



Негізгі топты Ресей (28,4%), Қытай (23,5%) және Монғолия (20,6%) азаматтары

құрайды. Келесі топқа сандық және пайыздық көрсеткіш жағынан Өзбекістан (10,8%), Қырғызстан


(6,7%) , Тәжікстан (4,9%) және Украина(3,9%) азаматтары жатады. Ең аз оралмандардың саны кезінде Түркіменстан Түркия және Белоруссияда тұрды(0,98% пайыздан). Бұл көрсеткіштерге қарайтын болсақ этникалық

қазақтардың көп бөлігі басқа мемлекеттердің аумақтарында өмір сүргеніне куә бола аламыз.

Оралмандардың тарихи отанына қайтуы жайлы қабылданған шешім дұрыс өлшенуі және дәлелденуі шарт болды.

Сурет №2

Тарихи отанына көшудің негізгі себептері (сүшеуін көрсетіңіз)



Респонденттер тарихи отанына көшудің алғашқы және белгілі себебі ретінде этникалық және отбасылық факторлар – өз ұлтымен бірге тұруды (16,7 %) және туыстарымен қайта қосылуды (16,3%) анықтады. Зерттеу барысында алынған мәліметтер қазіргі қоғамда бұл факторлардың маңыздылығын дәлелдейді, ұлттық және отбасылық бірлікке ұмтылғанда әлеуметтік жеке тұлға, әрі жалпы әлеуметтік

топ ретінде әлеуметтік дербес сәйкестендіру мен әлеуметтік сезімнің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Бұдан басқа, осы факторлардың әлеуметтік уәжі белгілі бір ұлттық және тіл кемсітушілікте күшейеді, оның барын респонденттер байқаған (тиісінше 11,9 % және 8,8 %).

Осы уақытта респонденттер бұл факторларды жүзеге асыру жеке


экономикалық проблемаларды шешу қажеттілігіне тікелей байланысты екенін мойындайды. Респонденттер тарихи отанына көшудің келесі маңызды уәжі материалдық жағдайдың (15,4 %), сондай-ақ тұрқаты жұмыстың жоқтығын (11,4 %) мойындайды, бұның бәрі қосылып жеке әлеуметтік-экономикалық мансаптық келешектен ( 3,5%), әсіресе

балаларды айырады (7,9 %). Саяси себептер респонденттердің тарихи отанына көшіп келуіне шешім қабылдауына айтарлықтай әсер еткен жоқ, тек олардың 4,4 % өздері үшін осы уәжді маңызды деп санады.

Сұрақтардың келесі тобы респонденттердің тарихи отанына қайтуға уәждеген себептерді қанша оң шешкенін анықтайды.

Сурет №3

Қазіргі уақытта Сіз ...



Бұған қоса зерттеу қорытындысы оралмандардың маңызды проблемаларының бірі – жұмысқа орналастыру проблемасын шешудің жолы мен деңгейін көрсетеді. Респонденттердің негізгі бөлігі (81,4 %) осы және басқа дәрежеде жұмысы барына назар аудартады. Алайда үштен көбінің (33,3 %) мамандығы бойынша тұрақты жұмысы бар, яғни тұрақты экономикалық жағдайы бар. Барынша тұрақсыз жағдайда 8,8%

респондент, мамандығы бойынша тұрақсыз жұмыс істемейтіндер.

Жұмысшы ретінде ғана емес, жұмыс берушілері үшін де әлеуеттік еңбек және кәсіби-біліктілік проблемалар тудыратын мамандығы бойынша емес тұрақты жұмысы бар топтың респонденттері ( 24,5 %) жұмысбастылықты тиісті деңгейде шешілмеген деп ойлайды. Сонымен бірге жұмыс істейтін негізгі топ (40,2 %) жалдамалы жұмысшылар, яғни жеке тұлғаға жұмыс істейді, олар экономикалық және әлеуметтік

қорғалған топ болмайды. Бұл ұстаным бойынша неғұрлым тұрақты бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін респонденттер (38,2%) тобы бар, олар белгілі бір мемлекеттік кепілдемелерге ие. Салыстырмалы түрде респонденттердің кіші тобы (16,7%) өздерінің жеке істерін ұйымдастыра алады. Еңбек және әлеуметтік тәуекел аймағында жұмыс істемейтін 18,6% респондент бар.

Аталған ақпарат респонденттердің ұстаным бойынша жоғары және арнаулы білім деңгейін, олардың мамандығы бойынша кәсіби бағыты мен еңбек нарығында қажеттілік дәрежесін анықтауды талап ететінін ескеру қажет. Жалпы, жұмыстың жоқтығы – көшіп келген оралмандардың басты себептерінің бірі шешілді деп қарауға болмайды.

Аталған социологиялық сауалдар жұмысбастылыққа әсер ететін кейбір себептерді анықтауға мүмкіндік береді. Респонденттердің еңбек тәуекелі аймағындағы тобы мен жұмыс істемейтіндердің (18,6%) көзқарасы бойынша негізгі себеп тұрақты жұмыстың болуына мүмкіндік бермейтінін көрсетті.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1.Бокаев Б.Н., Жаркынбекова Ш.К. Репатрианты в Казахстане: этноязыковая идентификация и интеграция в общество// СоцИс,2011,№ 11
2. Гриценко Г.Д. Маслова Т.Р. Мигранты в новом сообществе: адаптация или интеграция// СоцИс,2010 №5
- 3.Коморникова О.М. Типы толерантного отношения молодежи к мигрантам// СоцИс,2012 №8
- 4.Макаров А.Я. Особенности этнокультурной адаптации детей мигрантов в московских школах// СоцИс,2010 №8

**Қорытынды** Сонымен, мемлекеттік бағдарлама «Нұрлы көш» және этникалық иммигранттардың осындай жинақы тұрғын елді мекендерді жеңілдетілген тұрғын үймен қамтамасыз етуі және,іске асыруы бұл мемлекет тарапынан үлкен қолдау болып табылады.Оралмандардың ауылында жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша әдетте оң баға Қазақстандағы әлеуметтік экономикалық және саяси жағдайларды, олардың мәселелерін шешу үшін оң көз қарасын көрсетеді.

Бірақ социологиялық зерттеулер барысында бір мезгілде адамдардың шамамен 12% оралуга ниет білдірген,кездейсоқ емес жаңа әлеуметтік шындық,олардың психикалық бейімдеу және кіріктіру сипаты мен дәрежесі әсер ететін этникалық иммигранттардың көптеген шешілмеген әлеуметтік,экономикалық мәдени және психологиялық мәселелерді анықтайды

5. Нысанбаев А.Н., Шайкемелев М.С. Методологические подходы к изучению этноидентичности в постсоветском гуманистическом дискурсе: казахстанский опыт // СоцИс, 2013, №9

6. Рыбаковский Л.Л. Миграционный потенциал. Понятие и критерии оценки // СоцИс, 2009 №2

7. Хушдамова Х.О. Женское лицо миграции // СоцИс, 2010 №5

8. Berry S.W. Immigration, Acculturation and Adaptation. Washington, 1997

9. Smith A.D. National Identity. London, 1991

10. Phinney J. Ethnic Identity and Acculturation. Washington, 2003

### **Резюме**

Авторы статьи изучили на основе социологического исследования, проведенного в поселке «Нұрлы көш» Акмолинской области, проблемы социальной и психологической адаптации оралманов, успехов и достижений на исторической родине, а также сложностей и трудностей, с которыми они столкнулись. В статье дана общая социальная характеристика респондентов по возрасту, половому составу, образовательному уровню, сроку проживания в Казахстане. Важную часть составляет изучение причин, мотивировавших респондентов вернуться на историческую родину. В ходе социологического исследования определены многие нерешенные социально-экономические и культурно-психологические проблемы оралманов, которые влияют на характер и степень ментальной адаптации и интеграции в новую социальную реальность.

### **Summary**

The authors investigated on the basis of sociological research conducted in the village of "Nurly kosh" Akmola region, the problems of social and psychological adaptation of repatriates, success and achievements in their historical homeland, as well as the difficulties and challenges they faced. The article gives a general social characteristics of respondents by age and sex composition, education level, length of stay in Kazakhstan. An important part of the research is to investigate the reasons motivating the respondents to return on their historical homeland. In the course of sociological research were identified many unresolved socio-economic and cultural-psychological problems of repatriates which influence the nature and extent of mental adaptation and integration into a new social reality.